

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 маусым N 674. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1134 Қаулысымен.

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 29 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) туралы ереже;

2) Комитеттің құрылымы бекітілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен .

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.03. N 962 қаулысымен .

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 338 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 11-12, 125-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 маусымдағы N 813 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 22, 276-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 19 маусымдағы
N 674 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті
т у р а л ы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қаржы бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құзыретінің шегінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.

Комитеттің облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында аумақтық
о р г а н д а р ы б а р .

2. Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге
а с ы р а д ы .

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгіде бланкілері бар. Комитеттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде бюджеттік шоттар мен шоттары болуы мүмкін. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы ретінде әрекет етуге құқығы
б а р .

4. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар тиісті кесімдер шығарады.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі
б е к і т е д і .

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 33, Абай даңғылы, 52, Министрліктер үйі.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесі.

Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитеттің қызметі тек республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Егер заңнамалық кесімдермен Комитетке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Негізгі міндеттер

9. Комитеттің негізгі міндеттері:
республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі бақылауды және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыру;

республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылаудың және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың әдіснамасын және әдістемесін әзірлеу.

3. Функциялар

10. Қойылған міндеттерге сәйкес Комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау саласында орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінің іс-әрекетін үйлестіреді;

2) орталық мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар береді;

3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне және мәслихаттардың тексеру комиссияларына бақылау жүргізудің тиісті кесімдерін, сондай-ақ хабардарлық үшін тиісті бюджеттердің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттарының мақсатсыз әрі тиімсіз пайдаланылуын анықтау, тыю және болдырмау жөнінде шаралар қолданады;

5) объектілер лауазымды адамдарының республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын пайдаланудағы іс-әрекеттерінде қылмыстар белгілерін анықтаған жағдайларда бақылау материалдарын, Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылуының өзге де фактілерін құқық қорғау органдарына береді ;

6) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласында кадрлардың біліктілігін көтеруді және қайта даярлануын ұйымдастырады ;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Құқықтар

11. Міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында Комитет мыналарға құқылы :

1) мыналарды бақылауды жүзеге асыру:

республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасы талаптарын сақтауы ;

республикалық бюджетке түсімдер: шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік үлестерге табыс, республикалық мемлекеттік кәсіпорындар таза табысының үлестері, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер, мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүліктерді сатудан алынған қаражаттар толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету бөлігінде

мемлекеттік органдардың қызметі;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сатып алу-сату және республикалық мемлекеттік мүлікті жалдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тиісті өтінуі болған жағдайда, оларды сенімді басқару шарттары (келісім-шарттары) бойынша міндеттемелердің орындалуы;

республикалық бюджеттен берілген бюджет қаражаттарының, оның ішінде кредиттердің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың мақсатты пайдаланылуы;

республикалық бюджет, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері алған қаражатты пайдаланудың тиімділігі;

республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі;

2) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасы талаптарының бұзылу себептеріне баға беру;

3) бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігіне және орындылығына баға беру;

4) өздері белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар, анықтамалар, ауызша және жазбаша түсіндірмелер сұрау және алу;

5) орталық атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтерінен жоспарлар, есептер және өзге де қажетті ақпарат алу;

6) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуында анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын тыңдау;

7) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тарту;

8) заңмен қорғалатын коммерциялық және өзге де құпиялар құпиялылығы режимінің сақталуын ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелеріне жататын құжаттамамен кедергісіз танысу;

9) нормативтік құқықтық базаны және бақылау жүргізу әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша іс-шаралар әзірлеу;

10) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік органдарға мемлекеттік сыртқы немесе ішкі бақылау органдарының қызметкерлерін акционерлік қоғамдар тексеру комиссияларының құрамына кіргізуді ұсыну;

11) шетел мемлекеттерінің мемлекеттік аудит пен бақылау органдарымен және халықаралық ұйымдармен байланыстарды қолдау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер жасасу және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы халықаралық ұйымдардың құрамына кіру;

12) бақылау нәтижелері бойынша бақылау жүргізу актілерін жасау және ұйымдар лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті жұмыстағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы жазбаша нұсқаманы жіберу;

13) бақылау жүргізу барысында алынған құжаттардың куәландырылған көшірмелерін немесе тізілімін акт бойынша бақылау объектілеріне қалдыра отырып, құқық қорғау органдарына бақылау жүргізу актілерін берген кезде оларға құжаттардың түпнұсқасын қоса тіркеу;

14) республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге шарттық негізде және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен келісім бойынша тәуелсіз жеке аудиторлық ұйымдарды олардың көрсеткен қызметіне республикалық бюджеттен осы мақсаттарға бөлінген қаражат шегінде ақы төлей отырып, тарту;

15) құқық қорғау, салық және өзге де мемлекеттік органдардан оларға Комитет және оның аумақтық бөлімшелері берген бақылау жүргізу материалдары бойынша қабылданған шаралар туралы толық ақпарат алу;

16) бюджет қаражатын пайдаланудағы бұзушылық фактілері бойынша тексеру жүргізу туралы қылмыстық қудалау органдары қаулыларының негізінде жоспардан тыс бақылау жүргізу;

17) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолдану;

18) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтеріне консультациялар беру;

19) бюджеттік заңнаманы қолдану практикасын талдауға және қорытуға қатысу, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау және өз құзыреті шегінде тиісті нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеу;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5. Мүлік

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүліктер есебінен құралады, оның құны мемлекеттік органның теңгерімінде көрсетіледі.

13. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

6. Қызметін ұйымдастыру

15. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің бірыңғай жүйесін құрайды.

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

Төраға және оның орынбасарлары Комитеттің басшылығын құрайды.

Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды әрі Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапты болады.

Т ө р а ғ а о с ы м а қ с а т т а :

1) өзі орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен құрылым мен штат санының лимиті шегінде штат кестесін бекітеді; <*>

3) өз құзыреті шегінде Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

4) заңнамаға және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жүйесі органдарының қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасына сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; <*>

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін ынталандырады, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолданады;

6) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитет атынан өкілдік етеді;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметін тиісті шаралар қабылдауы үшін бақылау нәтижелері туралы хабардар етеді;

9) бақылау жүргізудің кезеңділігін және ұзақтығын анықтайды;

10) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдардың басшыларын Комитет төрағасының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

< * >

ЕСКЕРТУ. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н .

17. Төраға болмаған уақытта оның міндетін Төраға белгілейтін орынбасарларының бірі атқарады, ол Комитеттің қызметін үйлестіреді, өзіне Төраға жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

7. Қайта ұйымдастыру және тарату

18. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 9 м а у с ы м д а ғ ы

N 6 7 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

ЕСКЕРТУ. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қаулысымен .

Қазақстан	Республикасының	Қаржы министрлігі
Қаржы	бақылау	комитетінің
құрылымы		

Б а с ш ы л ы қ

Ұйымдастыру және кадр жұмыстары басқармасы
Әдіснама, жоспарлау, есептілік және талдау басқармасы
Сараптау және ішкі бақылау басқармасы
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау басқармасы
Жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау басқармасы